

**Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі № 187 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі № 182-П бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрінің м.а. 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 5 және Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 14-Ө Бірлескен бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Акватория мен Қазақстан Республикасының теңіз жағалауы аймақтарында және ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жобалау мен өткізу кезіндегі экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу № 847) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі № 182-11 және Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі № 187 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры (Қ. Құлмырзин) осы бұйрықтың көшірмесін апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және ресми баспасөзге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік органдарының соңғысы қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Мұнай және газ министрінің  
міндетін атқарушы  
Л. Киинов*

*Қазақстан Республикасының  
Қоршаған ортаны қорғау  
министрі  
Н. Әшімов*